

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы  
білім беру бөлімінің Ақсай қаласының №1 бебекжайы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Келісілді  
Әдіске: Нұтманова С.М



Бекзанов  
Директор Олецко А.А.

## АТА-АНАЛАР ҮШІН КЕҢЕС

Тақырыбы: «Балалармен демалыс»

Әлеуметтік педагог: Анарбекова Н.Ж  
Логопед: Турмухамбетова Р.А

## АТА-АНАЛАР ҮШІН КЕҢЕС

### «ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІНДЕГІ КҮН ТӘРТІБІН САҚТАУ»

Күрметті ата-аналар, демалыс күндері үйде және балабақшада күн тәртібін сақтау керек.

Күн тәртібі-күні бойғы балалалар қызметінің тендей дұрыс бөлінуі: оқу қызметі, гигиеналық және шынықтыру процедуralары, қымылды ойындар, күндізгі ұйқы, өз бетімен жұмыс.

Балалардың сергектігі, жақсы көңіл –күйі көбіне күн тәртібінің сақталуына байланысты болады. Баланың уақтылы тамақтанбауы, уақытында баланың ұйықтамауы оның мінез-құлқына әсер етеді мысалы: әлсіздік, тәбетінің болмауы, қыңырлануы, әрең ұйықтауы.

Балабақшада күн тәртібі қатаң сақталады. Оның үйдегіден айырмашылығы бар. Жүйенің арқасында бала ұқыптылыққа, өзінің сырт келбетіне қарау әдетін қалыптастырады, өз заттарына еппен қарауға үйренеді. Тәртіп бойынша тамақтану баланың денсаулығына көңіл-күйіне қолайлы әсер етеді. Баланы күнделікті бір уақытта ұйықтату керек. Егер де баланың күні жүйесіз болса, кешке ол бәр күшін жоғалтады, бұдан еркелік басталады.

Демалыс күндері Сіздер ата-аналар өз істеріңізben бос болмай, балаға және балабақшаның тәртібін сақтауға уақыттарының жетпейді. Сондықтан демалыс күндерден соң балалар балабақшада нашар ұйықтап, қыңырланады.

Егерде ерте жастан тәртіп бойынша өмір сүріп әдettенсе, оны ынталана орынайды. Ол тіпті уақыт келгендеге ұйықтамаймын деп те бас тартпайды. Егерде кешкі сағат 9 да ұйықтаса, немесе жарты сағат кеш ұйықтаса, оны таңтертең оятудың керегі жоқ-ол өзі сергек көңілді боп тұрады. Балада асықпай жаймен киінуге уақыты жеткілікті болады.

Егерде күнделікті тамақтану, ұйықтау, серуендеу, әртүрлі қызмет түрлері бір уақытта қайталанып отыrsa, бұл баланың жүйке жүйесіне қолайлы әсер етеді. Тәртіп қоғамдық-әлеуметтік қөзқарасқа ғана емес, сонымен бірге биологиялық жағынан да дұрыс. Мысалы, ас ішетін түскі не кешкі уақыт келсе, онда қарын мен барлық асқорту жүйесінде асты қорытуға дайындық жүре бастайды. Егер ұйқының уақыты келсе, сол уақыт шартты түрде ұйқыға ұйқыға жатуды қалайды. 5 жасқа дейінгі балалар тәулігіне 12,5-12 сағат ұйықтауы керек. Мектепке дейінгі жастағы балалар күндіз бір рет ұйықтайды.

Баланың балабақшада өзін ұстаяу көңіл-күйі оның күнделікті және демалыс күндеріндегі үйдегі қызметі мен ұйқысының ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады. Ата-аналар демалыс күндері балабақшада белгіленген тәртіптен ауытқымай, соған сәйкес өткізу керек. Ата-аналар демалыс күндері таза ауада демалуға, кешкі серуенге, ұйқыға, әсіресе ұйқы алдындағы теледидар көру уақыт тәртібін сақтауға көңіл бөлу керек.

## **Әлеуметтік педагог кеңесі:**

**Күн тәртібінің баланы жалықтырмай пайдалы және дамуы үшін күнді қалай құру керек?**

Әдетте таң жуынудан басталады. Баланы таңертең тізін тазалауға үйрету маңызды. Бұл пайдалы әдет кішкентай кезден әдettенсе өмір бойы бекітіледі. Оған қалай дұрыс жуынуды, тісті тазалауды, шашты тарауды көрсетініз. Келесі кезең- таңғы ас. Баланың назарын дұрыс тамақтану жайлы қызықты оқиғалармен аударыңыз. Қыындық туындауы мүмкін, өйткені барлық бала таңғы асты ішкенді ұната бермейді. Бұл жерде де ойдан шығарған әңгімелер көмектеседі. Онымен бірге бір тәрелкеден тамақ ішініз.

Баланың кестесі екі бөліктен тұрады: «тұске дейін», «тұстен кейін».

Баланың тұске дейінгі уақытында белсенді, дамыту ойындарын ойнап, ал тұстен кейін кітаптар оқып, балалар бағдарламасы мен мультфильдер көру пайдалы. Кешкі уақытта ата-анасымен тілдесуге уақыт бөлген жөн.

Күн тәртібін дұрыс қолдану дағдылықты, жүктемені дұрыс бөлуге, бос уақытты дұрыс пайдалануға әкеледі. Дұрыс күн тәртібі жүйке жүйесін күйзелуден, шаршаудан, тұйыққа тірелуден сақтайды. Дұрыс құрастырылған күн тәртібі тек ағзаны жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар еркіндікке тәрбиелейді, өмірлік тонусты арттырады

Күн кестесінің әрбір бөліктері баланың жасына, еңбек қабілетіне, денсаулығына, міnez ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан жағдайда баланың дұрыс өсіп, дамуына, ер жетуіне, денесінің шынығына, ой өрісінің дұрыс қалыптасып, дамуына тиімді болады. Баланың демалыс күндеріндегі күн тәртібі балабақшаның күн тәртібіне бейімделіп ұйымдастырылу керек. Үйдегі күн кестесі дұрыс ойластырылған болмаса, ол баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Күн кестесі дұрыс болмаса, баланың шаршау, қалжырауы үдең, денсаулығы тәмендейді. Сондықтан демалыс күндері күн тәртібін сақтап, балаңызға көп көңіл бөліңіз.

## **АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЛОГОПЕД КЕҢЕСІ**

Бала ана жатырында пайда болғаннан бастап және дүние есігін ашқан кезде де даму үстінде болады. Сондықтан ата-ана бала дүниеге келгеннен бастап оның ұсақ моторикасын және сөйлеу тілін дамыту барысындағы процестерге аса көңіл бөлген жөн. Айта кететін болсақ, Бір жастағы баланың ұсақ моторикасы тәмендегідей даму керек. 3-4 дөңгелектен тұратын пирамиданы кигізіп үйрету; 3-4 кубиктен тұратын пирамидадан мұнара тұрғызу; алыс жатырған ойыншықтарды ұмтылып алу; қою тамақты қасықпен жоғары котеріп ауызына апарып ішуге дағдыландыру; банкінің немесе баклажканың қақпағын ашу және тағу; матрешкаларды ашып, жинау.

Ал, сөйлеуді тұсінуі мен сөздік қоры тәмендегідей белгілерді қамту керек. Өзінің дene мүшелерін көрсете білуге үйрету. Екі қолымен алақанын шапалактау. Суретке көз тактатып қарау. Нұсқаулық бойынша іс-әрекетті жасауға үйрету. (Көзінді жұм, қолынды бер). Кем дегенде жиырма сөзден білу керек. «Бер», «ал» деген сөздерді тұсіне білу керек. Екі жастағы баланың ұсақ

моторикасы төмендегідей даму керек: моншақтарды тізбектеу; 3-4 пішіннен бір затты құрастыру; екі қолымнен 5-6 кубиктен мұнара тұрғызу; оң және сол қолымен ұсақ заттарды коробкага салу; қарындашпен шимайлау; кітаптың бетін параптай білу.

Сөздік қоры. 2-3 сөзден сөйлем құрау керек; гүл, жөп, ағашты айырып көрсете білу керек; дымқыл (сұлы, ылғал), құргақты ажырата білу керек; киімдерді, аяқ киімдерді, ойыншықтарды ажырата білу керек; сенің атын кім? деген сұраққа жауап беру керек; айналасындағы таныс адамдардың есімін білу керек. Үш жастағы баланың ұсақ моторикасы төмендегідей даму керек: қосу мен дөңгелекті көшіріп салу; адамның денесін сала білу; ермексаздан дөңгелектер салу; бас бармағын басқа саусақтармен қосу; қоян, ешкі, сақина жасай білу; крушкамен су немесе шай іше білу; өзінің ілгектерін тағу.

Сөздік қоры. Айналасындағы заттардың аттарын білу. Жеміс-жидектердің және көкөністердің аттарын атау. Өзі пайдаланып жүрген ыдыс-аяқтың аттарын атау. Киім-кешектердің аттарын және бөлшектерін атай білу. Жабайы және үй жануарларын ажырата білу. Заттарды бір сөзben атау. Түстерді ажырата білу (қызыл, сары, жасыл, ақ). Үлкен және кішкентай көлемді заттарды білу. Төрт жастағы баланың ұсақ моторикасы төмендегідей даму керек. Үш саусақпен қарындаш ұстай. Сеген тақтасын құрастыру. Телефон нұктелерін басу. Дөңгелек, төрт бұрыштарды бастыру. Қайшымен жұмыстану. Қағазды тігінен, көлдененнен бұктеу.

Сөздік қоры. 5-ке дейін санау білу керек. Бұл не, кім? Не істеп жатыр? сұрағына жауап беру қажет. Астында, үстінде, жанында сөздердің мағынасын түсіну. Дыбыстарды анық айтуда. Сериялық ертегілерді айта білу. Бес жастағы баланың ұсақ моторикасы төмендегідей даму керек. Үй және баспалдақ жасау. Үш бұрышты салу. Таспа әріптерді жаза білу. Батинканың бауын өткізіп, байлау. Қарындашты ұштау. Суреттерді қып жапсыру. Сөздік қоры. Мазмұнды суреттер бойынша әңгімеледеу. 5-6 сөзден тұратын сөйлем құрау. 2000 сөз білу керек. Дыбыстардың барлығын анық айтуда керек. Мамандықтар туралы айта білу. Қойылған сұрақтарға толық жауап беру керек.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі жастағы балаларда сөйлеуді қалыптастыруда жоғарыда айтылған кеңестердің барлығын ата-ана немесе топ тәрбиешілері мен педагогтары ескере отырып қараса және логопед маманмен бірлесе отырып жұмыс жасаса нұр үстіне нұр болар еді. Соңдықтан, баланың дыбыс айтуда кемшилігі ерте жастан және нәтижелі түзетілсе, мектеп кезеңіндегі оқу және жазу қабілетін менгеруінде қындықтар болмайды.